

Әдеби тіл дегеніміз...



- «Әдеби тіл дегеннің мазмұны мен сипаты жөнінде тек қазақ тіл білімінде ғана емес, жалпы отандық лингвистикада да анық, нақты, үзілді-кесілді орныққан пікір жоқ.» В.В. Виноградов

Будагов Р. А.	Әдеби тіл дегеніміз – жалпыхалықтық тілдің хатқа түскен, белгілі бір дәрежеде өңделген ерекше түрі.	«Проблемы романских литературных языков»
Левин В. Л.	Әдеби тілдің тарихы – жазба ескерткіштердің тарихы	«История русского литературного языка»
Горшков А. И.	Әдетте жазусыз әдеби тіл болуы мүмкін емес.	«История русского литературного языка»
Филин Ф. П.	Жазу – әдеби тілдің ең маңызды және қайткенде де болуға тиісті белгісі	«О свойствах и границах литературного языка»
Чикобава А. С.	Тіл білімі тарапынан алғанда әдеби тіл деп тек көркем әдебиет емес, ғылыми зерттеулердің, саяси трактаттардың, газет-журналдардың тілін де, қысқасы, жазба тілді айтамыз	«Введение в языкознание»



- «Әдеби тіл – жазба тіл, жазуы болмаған халықтың тілі әдеби тіл дәрежесіне көтеріле алмайды.»
- М. Балақаев



F. Mutsabaev

- «Әдеби тіл ең әуелі жазуға сүйенеді. Жазу стилінсіз әдеби тіл болмақ емес.»
- Ғ. Мұсабаев



- «Абайдың алды жоқ емес, бірақ жоққа жуық. Абайдың алдында да әдебиет бар. Оның екі арнасы болды: бірі – ананың әлдіі, қойшының әні, қыздың сыңсуы сияқты халық әдебиеті, екіншісі – қажылы, молдалы ауыл Құнанбай ауылына таңсық болмаған шағатай әдебиеті.»



- «Қазақ әдеби тілін Абайдан басталады дейтін тілшілерге дау айтамыз. Абайдың алдындағы қазақ халқының көп ғасырлардан келе жатқан мол эпостардағы, ұзынды-қысқалы салттық, тарихтық жырлардағы шебер, көркем өлең үлгілеріндегі тілдерді ұмытуға бола ма? Бұхар, Махамбеттерде қазақ әдеби тілінің өрнектері жоқ деуге бола ма?» М. Әуезов



« Абай әдебиет тіліндегі басы артық қосарларды жоюмен қатар, шығыс үлгісінен келіп жүрген араб-парсы сөздерін де қуып , әдебиет тілін тазартып, қазақ тілінің бар байлығын іске асыруға жол ашып, жазба әдеби тілінің негізін қалады.»

Қ. Жұбанов «Абай – қазақ әдебиетінің классигі»
мақаласы

- Әдеби тілдің өңделіп, сұрыпталған, белгілі бір тілдік нормаларға түскен заңдылықтары болуы керек;
- Әдеби тілдің қоғам мүшелерінің басын қосып біріктіретін сипаты, жалпыға ортақ қасиеті болуы керек;
- Әдеби тіл мазмұндық сипаты мен қолданылу аясы жағынан жалпыхалықтық тілден жоғары тұруы керек;
- Әдеби тілдің қоғамның қолданылу практикасында сыннан өткен, қоғам санасы дұрыс деп қабылдаған заңдылықтары болуы керек, ол заңдылықтар баршаға ортақ болуы керек.

- Әдеби тіл дегеніміз – өңделіп, сұрыпталған, белгілі бір тілдік нормаларға түскен жалпыхалықтық тілдің ең жоғарғы формасы...